



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ
ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ**



«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» ЖӘНЕ ТҮРКІ ӘЛЕМІ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ
Тарих ғылымдарының кандидаты Дәулетханов Әлімғазының 75
жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция
материалдары

13 қыркүйек 2018 ж.

**«ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ» И ВОПРОСЫ ИСТОРИИ ТЮРКСКОГО
МИРА**

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

Қабылдинов З.Е. Кіріспе сөз	4
Омарбеков Т. Ежелгі тарихтың айтулы сардары және қызғыштай қорғаушысы. (әлімғазы дәулетханның шығармашылығы хақында	5
Мекемтас М. Ұйғыртануға қосылған үлес.....	6
Хафизова К.Ш. Әріптесіміз әлімғазы туралы.....	11
Тебегенов С.Т. Биіктік: қаламгерлік шығармашылық пен қайраткерлік ұстаным.....	20
Тұрсынхан З. Соқпақты ғұмыр, соқталы ер	24
Мұқаметханұлы Н. Ұстанымы берік, рухы мықты ғалым - Әлімғазы Дәулетханның 75 жасқа толуына орай	28
Тоқтабай А. Ел мен жер деп соққан жүрегі.....	33
Шашаев Ә.Қ. тарихшы-филолог ғалым әлімғазы дәулетхан және оның шығармашылығы.....	39
Төлєнова З.М. Тарих ғылымына әкелген соқпақты сүрлеу.....	42
Абдрақын Н. Әлімғазы ағаны көргенде ли бай еске түседі (немесе жияң гуанду-дың ойының іске асапауы)	46
Айбалтаұлы Ш. Қазақ елін елібай елесі кезіп жүр... ешкім білмейтін елібай қайдан пайда болды?.....	48
Дәуітұлы Т. Тәуелсіздік үшін тер төккен жемісті 75 жыл	54
Қойгелдиев М.Қ. Халел Досмұхамедұлының ағартушылық және қазақ ұлттық университетін қалыптастыру қызметі.....	58
Кабульдинов З.Е., Сыздықов С. военные столкновения казахов подведомственных султану кыпчакского улуса султанмамету с российскими военными в среднем прииртыше (середина 1750-х гг.).....	65
Кәрібаев Б.Б. XVI ғ. соңындағы қазақ хандығының саяси тарихы мәселелері.....	73
Нурбай Қ.Ж. О «джунгарском факторе» в истории казахского ханства первой половины XVIII века.....	78
Шамшиденова Ф.М. Кейінгі орта ғасырдағы қазақстан – ресей – қытай сауда жолдары (Сібір жылнамалары бойынша).....	86
Арепова АД. Берке ханның саяси тұлғасы.....	92
Таңатарова Ж.Т. Наурыз мерекесінің тарихынан.....	100
Қыдыров Б. Ташкент облысы, жоғары шыршық ауданының тарихы жайында (1926-1996 жылдар).....	105
Оспанов Е.Ж. Қазақ және түрік тілдеріндегі күрделі етістіктердің салыстырмалы лексика-семантикалық топтары.....	110
Сейтов М.Ж. Ұлы даладан шыққан ислам ғұламалары.....	117
Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы түркі халықтарының өсіп-өну ерекшеліктері.....	120
Садвокасова З.Т. Участие казахских женщин в выражении протеста против политики	

Ә.Дәулетханұлы көне тарихты зерттеп, зерделей жүріп, елімізде тарихи сананың қалыптасуы кезінде пайда болған келеңсіздіктерге де батыл қарсы тұрды. «Тарих түйінін сізше тарқатуға болмайды» (Қазақстан. 2009. №35(275) 1 қазан.), «Жалған тарих жасау, жалған ақша жасаумен бірдей сорақы қылмыс» (Жас алаш. 2009. № 97. 3-желтоқсан), «Мұхтархан Оразбайдың 15 өтірігі» (Қазақ үні. №45. 27 қараша) атты мақалаларын арт-артынан жариялап елімізде белең алған тарихи жалпақшешейлікке, тарихи деректерді бұратартушылыққа, деректерді қолдан жасауға қарсы тұрды.

Демек, бүгінде 75 жасқа толып отырған әдебиетші, тарихшы ғалым Әлімғазы Дәулетхан бүкіл ғұмырын қытайлық насихатқа қор қылмай, өмір жолын ту бастан тура таңдаған азамат. Сол үшін ол орда бұзар отызға келместен, тәуекелге бел байлап, үстінен құс ұшпайтын асқаралы Арқас Алатауын асып, ентелеп елге келген. Басынан қиын-қыстау күндерді өткере жүріп, оған еш қаймықпай келешектен үміт күтіп, жиған-терген білімі мен білігін қазағына, еліне арнаған, бар бақытын, абырой-беделін Қазақ елінен тапқан азамат. Ендеше, ел-жұртының алдындағы осынау есепті белесінде ғалым ағамызға қажымас қайрат, мол денсаулық, шығармашылық табыстар тілейміз.

Н. Мұқаметханұлы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
т.ғ.д., профессор

ҰСТАНЫМЫ БЕРІК, РУХЫ МЫҚТЫ ҒАЛЫМ - ӘЛІМҒАЗЫ ДӘУЛЕТХАННЫҢ 75 ЖАСҚА ТОЛУЫНА ОРАЙ

Ұстаным – өмірсұру ұстанымы – адамдардың өмірді қалай өткізу жөніндегі талғамдық пиринципі. Сондай-ақ ол адам баласы есейіп-ержеткенде қалыптасатын дүниетанмдық көзқарас. Егер бір адам өзінің өмірлік ұстанымын дұрыс қалыптастыра алса және оны мықты рухпен жебеп отырса, онда ол адамның өмірде жеңбейтін қиындықтары, жетпейін жетістікері болмайды екен. Біз Әлімғазы Дәулетханұлының қоғамдық өмірінен осындай мысалды көргендейміз.

Әлімғазы Дәулетханұлы 1943 жылы 15 қыркүйекте Қытайдың Шыңжаң провинциясы Күнес ауданы Түрген ауылында дүниеге келген. Күнес ауданы Қытайда қазақ тұрғындары ең көп орналасқан, әлеуметтік шаруашылығы біршама дамыған, дәстүрлі қазақ мәдениеті тұнып тұрған, заманауи оқу-ағартуы да ертерек дамыған, ұлы ақын Таңжарық Жолдыұлы шыққан аудан. Ал Әлекеннің әулеті мәдениет дарыған ерекше әулеттұғын. Арғы тасы атақты ағартушы, ақын, абыз Шілбі Әлімахын, одан Жүніс одан Дәулетхан. Бұл әулетте өлең жазып күй шығару, ән айтып домбра шерту деген атадан балаға жалғансқан өмір салты іспеттес. Дәулетханның өзі де ақын әрі оқу-ағартумен шұғылданған мектеп мұғалімі болған адам. Бұл әулетте артық дәулет болмаса да, жұртқа білім беріп өлең күй таратумен өлең танытқан өзі. Қандай да болсын, бұл әулетте артық дәулет болмаса да, жұртқа білім беріп өлең күй таратумен өлең танытқан өзі.

байқатады. Бірақ Қытайдағы «Мәдени революция» толқыны оны саяси ирімге орап әкетеді.

Қытайда 1966 жылы жоғары оқу орындарын бітіргендер қызметке бөлінбейді, олар өз оқу орындарында «Мәдени революциясына» қатысуға тиісті болады. Өйткені Маз Цзэдун «Мәдениет революциясы» науқанына жастарды тартты, әсіресе қызба қанды, білімсіз мектеп оқушыларынан «Хоньвейбин» құрып, солардың сорақы әрекетімен өзінің саяси қарсыластарын биліктен заңсыз тазартуды көздеген еді. Сондықтан бүкіл Қытай көлемінде жоғары, орта оқу орындарында әртүрлі саяси бұқаралық ұйымдар құрылып, бір-бірімен айтысты-тартысты, атысты қырқысты, бүкіл елде хауыс орын алды.

Шыңжаң да бұдан тыс қалған жоқ. Бірақ Шыңжаңда аз санды ұлттардың құқықтық мәселесі көтерілді. Бұл мәселені Шыңжаң университетінде құрылған «Қызыл екінші штап» («Hong er si – 红二司») ортаға қойды. Аталмыш ұйымның басшылары Айтан Нұсіпхан, Әлімғазы Дәулетхандар еді. Олар осы ұйымнан 9 адамдық делегация құрып, құрамында Әлімғазының өзі де бар, 1967 жылдың мамыр-маусым айларында Бейжиңге арыз айтып барады. Делегация өздерін қабылдаған үкімет өкіліне, сол кездегі ШҰАР (СУАР) Компартиясының бірінші хатшысы Ван Эньмаодың жүргізіп отырған Ұлы қытайлық саясатын әшкерелеген материалды тапсырып, ұйғыр қазақ халықтарының ұлттық оқу-ағарту, тіл-жазу, мәдениетін дамыту, әлеуметтік экономикалық жағдайын жасқарту және олардан басшы кадрларды тағайындау сияқты мәселелерді көтереді. Бұл қашан да Қытай Компартиясы қабылдайтын арыз-шағым емес, керісінше өздеріне қатер төндіретін факті еді. Алайда соны біле тұра өткір мәселені көтеруге батылдық жасағаны, Әлімғазы Дәулетханда ұлттық мүддені бәрінен жоғары қоятын ұстанымның қалыптасқанын аңғартады.

«Мәдени революциясы» алғашқы жылдары Әлекеңнің Шыңжаңдағы саяси күрес іс-қимылдарына қарағанда, оның қоғамдық саяси мәселелерге қашан да ұлттық мүдде тұрғысынан, халықтар теңдігі өлшемінен қарайтын азамат екені байқалады. Бұның өзі оның университет бітірген кезде (1966 ж.) айқын саяси ұстанмы бар зиялы болып қалыптасқанын көрсетеді.

1968 жылы қыркүйек айында Қытай Компартиясы Оралық комитеті (ҚКПОК) «Зиялыларды еңбекпен қайта тәрбиелеу» деген саясат шығарып, қалалардағы жоғары, орта оқу орындарын бітірген жастарды ауыл-қыстақтарға түсірді. Осы науқанда Әлімғазы Дәулетханұлы да Бұратала Моңғол автономиялы облысы, Арасан ауданы, Аққой фермасына жылқы бағуға жіберіледі. Сонымен қатар күштік органдар «Мәдениет революциясы» кезінде құрылған бұқаралық саяси ұйымдар басшыларын, әсіресе, ұлттық сана-сезімі күшті, ұлттық теңдікті талап ететіндердің соңына түсе бастайды. Бір қызығы, Шыңжаң билігі қатты қателесіп, Әлімғазы қатарлы бір топ жастарды Қазақстанға жақын жердегі аталмыш фермаға бөліп жібереді. Бұл географиялық жақындық, тек географиялық қана емес, ең маңыздысы ұлттық таным мен сезім жақындықтары Әлімғазы Дәулетхан қатарыларды Қазақстанға қашып өтуге итермеледі.

Сонымен Әлекең бір топ жолдестерімен бірге тұрған шәкірттерімен...

пәні мұғалімі» мамандығы бойынша оқуын бітіреді, № 146 Селолық кәсіптік-техникалық училищеге (СПТУ) мұғалімдық қызметке орналасады, жақсы жар сүйіп Марияш Орынбайқызымен үйленді, өз алдына отау көтереіп бала сүйеді, шығармашылықпен аналысады. Бұл тұста оның қаламынан туған көркем және әдеби зерттеу материалдары облысытық және республикалық басылымдарда ұдайы жарияланып тұрады, «Сырымда айтам» деп аталатын повестер жинағы 1978 жылы «Жалын» баспасынан жарық көрді. Міне, бұдан Әлекеңнің жазушы болып қалыптасқанын көре аламыз.

Бұл кезде Әлекеңді «Азаматтығы жоқ» адам ретінде сырт аймақтарға шығауы шектелді демесеңіз, қоғамдық мәдени - рухани өмірге кеңінен араласып жүреді.

КСРО-дағы саяси жаңғырулар Әлекеңнің азаматтық алуына жағдай жасады. 1986 жылы ол «Кеңес азаматына» қабылданып, қазақстандықтармен саяси құқығы теңеледі. Ендігі жерде Әлекең үлкен мәдени ортада дамуды армандайды. Сонымен ол 1989 жылы Алматыға көшіп келіп, «Алатау» телеарнасына тележурналист болып қызметке орналасады. Бұл да Әлекең өміріндегі үлкен бір бұрылыс еді.

Алматыда Әлекең ойдағыдай дамыды. Ол «Алатау» телеарнасында жүріп Түркияға барып түрік тілін үйреніп келеді, ұйғыр тілін жақсы білетін Әлекең үш ай ішінде түрік тілін де жеттік меңгеріп шықты. Сондай-ақ оны тәжірибеде қолдану үшін «Zaman-Қазақстан» газетінде барып, аудармашы және журналист қызметін атқарады (1994-1996 ж.). Осы жылдары Әлекең өте жемісті жұмыстар жасады, Қазақ-Түрік халықтарының өзара тарихи мәдени танымдарын тереңдететін құнды материалдарды аударып та, жазып та газет беттерінде жариялап отырды. Әсіресе, Әлекеңнің Түркияның атақты тарихшысы Бахаддин Өгелдің «Ұлы Хун империясының тарихы» атты екі томдық күрделі монографиясын қазақ тіліне аударып баспадан шығаруы (1996-1997 ж.), ол кісінің аса еңбекқорлығы мен үлкен білім иесі екендігін көрсетті. Міне, осы ғылыми аударма еңбегі Әлекеңнің кәсіби тарих ғылымы ордасына қадам басуына жол ашты.

1997 жылдың қаңтарында Әлімғазы Дәулетханұлы Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының «Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан тарихы» бөліміне кіші ғылыми қызметкер болып келді. Міне, осы институтта Әлекеңнің өмірінде үлкен сапалық өзгерістер болды. Мен ол кезде сол бөлімде жетекші ғылыми қызметкер едім, Әлекеңмен таныстығым да, әріптестігім де осы кезден басталды, содан бері аға-інідей жақын араласып кележатқан жайымыз бар.

Ғылыми зерттеу институтында зерттеумен шұғылданатындар міндетті түрде ғылыми дәреже қорғау керек. Сондықтан Әлекең де аспиранттық оқып, кандидаттық ғылыми дәреже қорғау қажет болды. Бөлім оның «Ұлы Хун империясы тарихын» аудару барысында жүргізген зертеулеріне негізделіп, оған Қазақстанның ортағасырларда аз зерттелген Түркеш хандығы тарихын зерттеуді ұсынды. Әлекең бұл күрделі тақырыпты зерттеуге батылдықпен барды, ғылыми жетекшілікке ғұлама ғалым, академик Оразақ Сымағұлов белгіленді. Апта сайын бөлімде басқосамыз, өзара пікір алмасамыз, жазған мақаларымызды талқылаймыз. Байқаймын, Әлекең алғашқы жылдары қатты қиналып жүрді. Әйткені Түркеш тарихын зерттеу...

басым болды. Алайда Әлекең ғылыми зерттеу методологиясын сол кездегі бөлім меңгеруші, ғұлама ғалым Зардыхан Қинаятұлы мен жетекшісі Оразақ Сымағұловтардан көп үйренді, әрине, ғылыми ортаның және әріптестерінің де оған ықпалы зор болды деп санаймын.

Адамдар жер ортасына келгенде өзінің қалыптасқан ойлау жүйесін өзгертуі оңай емес, бірақ Әлекең өзгерте алды, түбегейлі болмаса да. Мұны ол кісінің институтта жазған зерттеу еңбектерінен байқауға болады. 2002 жылы Әлекеңнің «Түркеш қағанаты (саяси және мәдени тарихын зерттеу 692-766 жылдар)» атты күрделі де тың тақырыпта Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғауы – ол кісінің кәсіби тарихшы ғалым ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Әлімғазы Дәулетханның «Түркеш қағанаты», «Хұн-түрік-қазақ тарихын зерттеу мәселелері» («КАЗақпарат» 2005) атты монографияларының жарық көруі, ол кісінің тарихшы ғалым ретінде қоғамға кеңінен танымал етті. Әлекең А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті жанындағы «Түркология ғылыми-зерттеу орталығына» (Түркістан қ.), «Бауыржан ғылыми-зерттеу орталығына» (Тараз қ.) шақырылып, ғұлама ғалым Меемтас Мырзахметовтың жетекшілігінде жемісті жұмыстар жасады. Соның бірер дәлелі ретінде Әлекеңнің «Ғұн тарихының жылнамасы» аудармасына (2004) қатысқанын және Жоғары оқу орындарына арналған «Түркі халықтары әдебиет тарихы» жобасы бойынша жазған «Шығыс Түркістан халықтарының ұлт-азаттық күрес дәуірі әдебиеті» (1679-1949)» (2015 ж. 383 б.) атты монографиясын ерекше атап айтуға тұрады. Өйткені соңғысы монографиясы ұйғыр халқының үш ғасырлық әдебиет тарихындағы азаттық күрес жанырын жүйелі түрде қарастырылған монография болып табылады. Мұндай еңбек, Шыңжаң емес Қазақстанда ұйғыр тілінде жазылмаған-ды.

Әлекеңнің ғылыми шығармашылығы шарықтап келе жатқанда, кенеттен денсаулығы сыр берді. Ол Тараздан Алматыға қайтып келіп бірнеше емханаға тексеріліп анализ тапсырады, бірақ бәрінің қойған диагнозы бірдей: «кәтерлі ісік» орта дәрежелі, дереу ота жасау керек. Бұл 2007 жылы науырыз айының бас кезі, маған өзі телефон беріп жағдайын айтты, қатты алаңдап қалдым, жұмыстан соң үйіңізге кіріп шығамын - дедім. Кешке таман ауыр көңіл күйде үйіне бардым. Дастархан жасап қойыпты, не өзінің не жеңгемнің жүзінен ешбір алаңдау, абыржу бейнесі байқалмайды, баяғыдай жайбарақат екен, таңғалдым. Шәй құйылды, Әлекең менен қалыспай қазы-қартаны соғып жатыр, екі стакан вионы да тартып жіберді. Мен, Әлеке! Сіз «жаман ауыру» емессіз, өңеш рак болған адам тамақ жұта алмаушы еді, Сіздің тамақ жеуіңіз жақсы екен, мүмкін дәрігерлер қателескен шығар - дедім. Әлекең сол ауырудың анықталғанын және 14 науыр күні ота жасатуға келісіп қоганын айтты. Көп отыра алмай қайтып кеттім, сол түні Әлекеңді уайымдап таң атқанша ұйықтай алмадым. Ота жасайтын күннен бір күн бұрын емханаға барып Әлекеңнің халын сұрадым, ол кісі баяғысындай әзілін айтып отыр, ертесі үлкен отаға түсетін адам сияқты емес, еш уайым-қайғы жоқ, жақсы көңіл-күйде екен, қатты тәнті болдым. Әлекеңне ота жасайтын дәрігерге де кіріп шықтым, орта жастағы Сұлтанбек деген